

Қырғыз Республикасының Президенті А.А. Ақаевтың Қазақстан Республикасына 2001 жылғы 15-16 желтоқсандағы ресми сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 10 желтоқсан N 1606

Қырғыз Республикасының Президенті А.А. Ақаевтың Қазақстан Республикасына 2001 жылғы 15-16 желтоқсандағы ресми сапарын (бұдан әрі - ресми сапар) дайындау және өткізу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Ресми сапарды дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралардың жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі:

Қазақстан Республикасының мүдделі орталық және жергілікті атқарушы органдарымен және өзге де мемлекеттік органдарымен (келісім бойынша) бірлесіп, Жоспарда көзделген протоколдық-ұйымдастырушылық іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етсін;

Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасымен (келісім бойынша) бірлесіп, Қырғыз Республикасы ресми делегациясының мүшелерін орналастыру, тамақтандыру және көліктік қызмет көрсету жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша) 2001 жылға арналған республикалық бюджетте "Ресми делегацияларға қызмет көрсету" бағдарламасы бойынша көзделген қаражаттың есебінен ресми сапарды өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) Қырғыз Республикасының ресми делегациясы мүшелерінің әуежайдағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, сондай-ақ жүретін бағыттары бойынша бірге еріп жүруді қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі белгіленген тәртіппен:

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының аумағы үстінен арнайы рейсті орындайтын ұшақтың ұшып өтуін; Астана қаласының әуежайында арнайы ұшаққа техникалық қызмет

көрсетуді, оған тұрақ беруді және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі ресми сапардың бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз етсін.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 жылғы 10 желтоқсандағы
N 1606 қаулысымен
бекітілген

Қырғыз Республикасының Президенті А.А. Ақаевтың
Қазақстан Республикасына 2001 жылғы 15-16 желтоқсандағы
ресми сапарына дайындық және оны өткізу жөніндегі іс-шаралардың
жоспары

Р/с! N!	Іс-шаралар !	!Орындау мерзімі! !	Жауапты орындаушылар !
1!	2	3	4

- 1 Ресми сапарды протоколдық қамтамасыз ету мәселелерін 2001 жылғы Қазақстан Республикасы 15 желтоқсанға Президентінің Протокол келісу (күтіп алу, шығарып дейін қызметі (келісім бойынша), салу, саздық бағдарлама Қазақстан Республикасы және басқа да іс-шаралар) Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Қазақстан Республикасының Сыртқы

істер министрлігі

- 2 Тұру, тамақтандыру және көлікпен қамтамасыз ету мәселелерін келісу 2001 жылғы 15 желтоқсанға дейін Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі
- 3 Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен жұмысты ұйымдастыру 2001 жылғы 15-16 желтоқсан Қазақстан Республикасы Президентінің Баспасөз қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі
- 4 Астана қаласының әуежайын және көшелерін, ресми делегация жүретін бағыттары мен болатын орындарын жалаулармен, транспаранттармен безендіру 2001 жылғы 15 желтоқсанға дейін Астана қаласының әкімі
- 5 Делегация мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету сапар кезеңінде Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша)
- 6 Кездесу өткізілетін залды техникалық безендіру (мемлекеттік жалаулар, үстел табылшалары мен жалаушалар, гүлдер, микрофондар) 2001 жылғы 15 желтоқсанға дейін Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Президентінің Протокол қызметі (келісім бойынша)
- 7 Ресми делегация мүшелері, бірге жүретін адамдар, баспасөз бен күзет үшін 2001 жылғы 15 желтоқсанға дейін Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша),

бейждер, арнайы рұқсат.
тамалар дайындау

Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі

- 8 Қырғыз Республикасының Президентіне және ресми делегация мүшелеріне сыйлықтар жинақтарын, сондай-ақ бағдарламалар мен басқа да баспа өнімдерін дайындау 2001 жылғы 15 желтоқсанға дейін Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша)
- 9 Қол қоюға ұсынылатын құжаттарды дайындау және қол қою протоколын қамтамасыз ету 2001 жылғы 15 желтоқсанға дейін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі
- 10 Байланыс құралдарымен қамтамасыз ету сапар кезеңінде Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша)
-

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Жұманазарова А.Б.